**Әртүрлі мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға тұрғылықты жері мен отбасының құрамы туралы анықтамаларды ұсынудың заңдылығы мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 8 желтоқсандағы N 357-ө Өкімі

Әртүрлі мемлекеттік органдардың және өзге де ұйымдардың тұрғылықты жері мен отбасының құрамы туралы анықтамаларды талап етуіне байланысты туындайтын құқықтық және ұйымдық проблемаларды зерделеу жөніндегі жұмысты жүргізу, сондай-ақ оларды шешу жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

| | |
|---|---|
| Стамқұлов Үбайдолла Мырзағалиұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі, жетекші |
| Мелдешов Бақыт Сәрсенбайұлы | - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, жетекшінің орынбасары (келісім бойынша) |
| Адамов Ержан Болатұлы | - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң қызметін ұйымдастыру басқармасы апостильдеу бөлімінің бастығы, хатшы |
| Әлібаев Талғат Айтбайұлы | - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Мемлекеттік органдардың қызметіндегі заңдылықты қадағалау жөніндегі департаментінің бөлім прокуроры (келісім бойынша) |
| Алқабаева Бижамал Темірқызы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті халықты тіркеу және құжаттандыру басқармасының бастығы |
| Омаров Борис Ақмышұлы | - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталық республикалық мемлекеттік кәсіпорны директорының орынбасары |
| Нұрабаева Зайда Тоқашқызы | - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің заң қызметін ұйымдастыру |

басқармасы азаматтық хал актілер жазу істері жөніндегі бөлімінің бастығы

Ержанов Қанат Қаскенұлы - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті демография бөлімінің бас маманы

2. Жұмыс тобы 2005 жылғы 17 қаңтарға дейінгі мерзімде әртүрлі мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға тұрғылықты жері мен отбасының құрамы туралы анықтамаларды ұсынудың заңдылығы жөніндегі ұсыныстарды әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК